**Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17011 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 38) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 24) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 26.06.2026 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Қ.К. Орынханов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрлігі*
*Статистика комитетінің төрағасы* *Н. Айдапкелов*

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 63 бұйрығымен
бекітілген

**Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі**

Ескерту. Әдістемесі жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 26.06.2026 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 38) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 24) тармақшасына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістеме Заңда және ресми статистикалық ақпарат сапасының халықаралық стандарттарында белгіленген ресми статистиканың негізгі қағидаттарын ескере отырып әзірленген.

3. Әдістеме ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау тәртібін белгілейді және оны бағалау кезінде мемлекеттік статистика органдары қолданатын өлшемшарттар мен индикаторларды айқындайды.

4. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ағымдардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – елдер арасында кіріс және шығыс ағымдардың айырмашылығы немесе абсолютті айырмашылығы;

2) деректер – өңдеуге жарамды, ресімделген түрдегі ақпарат;

3) деректерді жинау – деректерді қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттер;

4) импутация – қалып кеткен, қате немесе басқа мәндермен мәні келмейтіндерді ауыстыру процесі;

5) метадеректер – деректердің құрылымы мен сипаттамаларын сипаттайтын деректер;

6) ресми статистикалық ақпараттың айқындығы – ресми статистикалық ақпаратты түсініктілігін, дұрыс түсіндірілуін және пайдаланушылардың пайдалану дәрежесін сипаттайтын сапа өлшемшарты;

7) ресми статистикалық ақпараттың бірегейлігі – деректердің қайталануын болдырмау дәрежесін және статистикалық жұмыстар жоспарының шеңберінде олардың даралығын, және біркелкілігін қамтамасыз ететін сапа өлшемшарты;

8) ресми статистикалық ақпараттың дәлдігі – алынған деректердің өлшенетін көрсеткіштердің нақты мәндеріне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ зерттелетін құбылыстарды анық көрсету үшін қажетті олардың нақтылану деңгейін айқындайтын сапа өлшемшарты;

9) ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігі – ресми тарату арналары арқылы пайдаланушыларды ақпаратты еркін әрі тең дәрежеде, ыңғайлы форматта алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету дәрежесін сипаттайтын сапа өлшемшарты;

10) ресми статистикалық ақпараттың өзара байланыстылығы – зерттелетін құбылыстардың тұтас және логикалық өзара байланысты көрінісін қамтамасыз ететін, байқаудың әртүрлі уақыт кезеңдері мен бағыттары бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған деректердің келісімділік және қайшылықсыздық дәрежесін сипаттайтын сапа өлшемшарты;

11) ресми статистикалық ақпараттың өзектілігі – деректердің белгілі бір уақыт сәтіндегі модельденетін саланың нақты жағдайына сәйкестігін, сондай-ақ олардың талдау мен шешім қабылдау үшін ақпаратты қалыптастырудың уақтылығын қамтамасыз ете отырып, пайдаланушылардың ағымдағы және әлеуетті қажеттіліктеріне сәйкестігін сипаттайтын сапа өлшемшарты;

12) ресми статистикалық ақпарат сапасының өлшемшарттары – ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау және бақылау үшін пайдаланылатын

деректер сапасының жалпы қабылданған өлшемшарттары, атап айтқанда дәлдік, толықтық, өзара байланыстылық, салыстырмалылық, өзектілік, бірегейлік, дәйектілік, уақтылылық, айқындылық және қолжетімділік;

13) ресми статистикалық ақпараттың салыстырмалылығы – деректердің уақыт бойынша, өңірлер, қызмет түрлері және басқа да жіктеу белгілері бойынша өзара салыстырмалылық дәрежесін сипаттайтын, оларды келісілген талдау мен түсіндіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін сапа өлшемшарты;

14) ресми статистикалық ақпараттың анықтығы – модельденетін саланы көрсететін деректердің сенімділігі мен дұрыстық дәрежесін сипаттайтын, зерттелетін құбылыстардың нақты қасиеттері мен заңдылығын көрсететін сапа өлшемшарты;

15) ресми статистикалық ақпараттың толықтығы – зерттелетін құбылыстарды жан-жақты және анық көрсету үшін қажетті барлық байқау объектілерін, көрсеткіштерді, уақыт кезеңдерін және аумақтық бөліністерді қоса алғанда, статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген деректердің қамту дәрежесін сипаттайтын сапа өлшемшарты;

16) ресми статистикалық ақпараттың уақтылылығы – ресми статистикалық ақпараттың пайда болуы (жариялануы) мен ол сипаттайтын оқиға немесе құбылыс арасындағы уақыт аралығын, сондай-ақ ресми статистикалық ақпараттың жарияланған күнінен жоспарланған күніне дейінгі уақыттық кідіріс дәрежесін сипаттайтын сапа өлшемшарты.

## 2-тарау. Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау тәртібі

5. Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау Статистикалық жұмыстар жоспарына және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ведомствосының (бұдан әрі – уәкілетті орган ведомствосы) бірінші басшысы немесе оны алмастыратын уәкілетті адам үш күнтізбелік жылға бекітетін ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау жөніндегі жоспар-кестеге (бұдан әрі – Жоспар-кесте) сәйкес жүргізіледі.

6. Жоспар-кесте уәкілетті орган ведомствосының құрылымдық бөлімшелерінің және ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыратын мемлекеттік статистика органдарының ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылады.

7. Уәкілетті орган ведомствосы Жоспар-кестені 10 желтоқсанға дейін және оны осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

8. Жоспар-графикке өзгерістер уәкілетті орган ведомствосының құрылымдық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша, сондай-ақ жалпымемлекеттік немесе ведомстволық статистикалық байқаудың күші жойылған, деректерді жинау, өңдеу немесе тарату әдіснамасына не процестеріне өзгерістер енгізілген жағдайларда енгізіледі.

9. Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау нәтижелері статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға ұсыну мақсатында ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру әдіснамасының сапаны бағалау өлшемшарттарына сәйкестігі дәрежесі туралы мәліметтерді қамтитын Сапа бойынша есепте көрсетіледі. Сапа бойынша есепті толтыру құрылымы осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

10. Уәкілетті орган ведомствосының құрылымдық бөлімшелері "е-Статистика" интеграцияланған цифрлық жүйесінің "Метадеректер" компонентінде Сапа бойынша есепті қалыптастырады және оны уәкілетті орган ведомствосында ішкі келісу үшін электрондық құжат айналымы арқылы электрондық форматта жүктейді.

Сапа бойынша есептерді уәкілетті орган ведомствосы басшысының деректер сапасы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

11. Ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу қорытындылары бойынша ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыратын мемлекеттік статистика органдары Сапа бойынша есептерді электрондық форматта қалыптастырады және оларды Жоспар-графикте белгіленген мерзімдерде уәкілетті орган ведомствосымен электрондық құжат айналымы арқылы келіседі.

12. Бекітілгеннен кейін Сапа бойынша есептер бекітілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсындағы тиісті статистика салалары бөлімдерінде орналастырылады.

## 3-тарау. Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау өлшемшарттары

13. Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау тікелей және жанама бағалау болып бөлінеді.

Тікелей бағалау кезінде нәтижелер сандық мәндерге ие болады және шектеулі өлшемшарттар бойынша жүргізіледі (деректердің дәлдігі, салыстырмалылығы, анықтығы және уақтылылығы).

Жанама бағалау кезінде ресми статистикалық ақпараттың сапа өлшемшарттарына ресми статистикалық ақпараттың сәйкестігі тұрғысынан оны сипаттайтын ақпарат ұсынылады.

### 1-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың бірегейлігі

14. Ресми статистикалық ақпараттың бірегейлігін бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) деректердің қайталанбауын бағалау.

Статистикалық жұмыстар жоспары шеңберінде пайдаланылатын статистикалық көрсеткіштер, нысандар мен дереккөздері бойынша ведомстволық, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар мен қалыптастырылатын әкімшілік және балама деректер арасындағы ақпараттың қайталануы мәніне талдау жүргізіледі.

Көрсеткіштердің қиылысуы жағдайлары, бірдей респонденттерден бірдей деректерді қайталап жинау, сондай-ақ әртүрлі жүйелерде бірдей деректер жиындарының параллельді түрде болуы тіркеледі.

Қайталауды жою үшін қабылданатын шаралар ұсынылады – жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқау нысандарын біріздендіру, әдіснамаларды келісу, жалпы идентификаторлар мен ұлттық анықтамалық ақпарат элементтерін пайдалану;

2) дереккөздерінің біртектілігін бағалау.

Ресми статистиканың түрлі субъектілері арасында деректерді жинау және өңдеудің біртекті тәсілдерін қамтамасыз ету анықталады.

Ведомстволар арасындағы деректерді келісу және алмасу тетіктері ( интеграцияланған сервистер, тізілімдер, ұлттық анықтамалық ақпараттың жалпы элементтері және метадеректер стандарттары арқылы) сипатталады.

"Бір рет жинау – көп рет пайдалану" принципін қолдану туралы ақпарат келтіріледі.

Бірдей ақпаратты қайта-қайта жинауды болдырмайтын, әкімшілік дереккөздер мен ұлттық статистикалық тіркелімдерді пайдалану деңгейі талданады.

**2-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың дәлдігі**

15. Ресми статистикалық ақпараттың дәлдігін бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) деректердегі қателерді жалпы бағалау.

Статистикалық процестің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын кездейсоқ және жүйелі қателерге талдау жүргізіледі. Қателердің негізгі көздері айқындалып, олардың негізгі көрсеткіштерге әсер ету дәрежесін көрсете отырып, сандық және (немесе) сапалық бағалау жүргізіледі. Жүйелі және кездейсоқ қателерді азайту үшін қабылданған шаралар құжатталады;

2) іріктемелік және іріктемелік емес қателерді бағалау.

Бас жиынтық параметрлері мен іріктеме бойынша алынған бағалаулар арасындағы айырмашылықтарды талдауды қоса алғанда іріктемелік қателерге бағалау жүргізіледі, Толық қамтылмау, байқау бірліктерін дұрыс жіктемеу, сондай-ақ деректерді өңдеу барысында туындайтын қателерге байланысты түзету әдістері көрсетіледі;

3) қамту қателері.

Бас жиынтық пен іріктемелі жиынтықтардың сәйкестік дәрежесі талданады, артық және толық емес қамту жағдайлары анықталады. Толық емес қамтуды азайту және деректердің объективтілігіне әсер ететін ықтимал ауытқуларды бағалау бойынша қабылданған шаралар сипатталады;

4) өлшеу қателері.

Деректерді жинау құралдарының сапасы, статистикалық нысандардың құрылымы мен тұжырымдары, интервьюерлерді даярлау және тестілеу рәсімдерін қоса алғанда,

негізгі қателік көздеріне талдау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда өлшеу қателерін анықтау және түзету үшін сыртқы дереккөздермен салыстыру немесе қайталама байқаулар жүргізіледі;

5) жауаптарды алмау қателері.

Жоқ жауаптардың ауқымы мен құрылымына талдау жүргізіледі, бас тартулардың үлесі және деректерді ұсынбауға ең бейім айнымалылар айқындалады. Респонденттердің жауап беру деңгейін арттыру және жауаптарды алмау салдарын азайтуға бағытталған шаралар, оның ішінде импутация және статистикалық түзету әдістерін пайдалану құжатталады.

**3-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігі және айқындылығы**

16. Ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігі мен айқындылығын бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) пайдаланушылардың ресми ақпаратқа тең қол жеткізуін бағалау.

Ресми статистикалық ақпаратты ұсыну кезеңділігі сипатталады.

Барлық пайдаланушы санаттарының ресми статистикалық ақпаратқа теңдей қол жеткізуі мен жұртшылықты жедел ақпараттандыру бағаланады;

2) деректерді ұсыну құрылымы мен форматын бағалау.

Ұсынылған деректердің түсінікті, қисынды және визуалды қабылданатын нысанда берілгені талданады – кестелер, диаграммалар, инфографиканың болуы, негізгі көрсеткіштерді бөліп көрсету;

3) ресми статистикалық ақпаратты тарату форматтарын бағалау.

Пайдаланушыларға деректер ұсынылатын файл форматтары олардың қолайлылығы, ашықтығы және кейіннен өңдеуге мүмкіндік беруі тұрғысынан сипатталады. Қолданылатын форматтардың тізімі көрсетіледі (мысалы: XLSX, CSV, PDF, HTML, JSON, XML).

Ұсынылатын деректер форматтары, сондай-ақ олардың қабылдауға, жүктеп алуға, талдауға және ақпараттық жүйелерге интеграциялауға қолайлылығы бағаланады.

Автоматтандырылған өңдеу үшін қажетті, машина оқитын форматтардың болуы бағаланады;

4) ұсынылған ресми статистикалық ақпараттың түсіндірілуін бағалау.

Пайдаланушылар ресми статистикалық ақпаратты арнайы дайындықсыз қаншалықты дұрыс түсіне алатыны бағаланады.

Көрсеткіштер мәндеріндегі өзгерістерге мәтіндік талдамалық пікірлердің, түсіндірмелердің, динамика себептерінің қысқаша түсіндірмелерінің болуы талданады;

5) метадеректерді ұсынуды бағалау.

Метадеректердің мына компоненттерінің болуы мен сапасы сипатталады:

көрсеткіштерді сипаттау – мазмұны мен талдамалық мәнін қоса алғанда, әрбір статистикалық индикатордың нақты сипаттамасының болуы;

өлшем бірліктері – ұсынылған деректерде қолданылатын өлшегіштердің көрсетілуі;

деректерді қамту – толық көрсетілуі: географиялық қамту (ел, өңір, қала, облыс, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ); уақыттық қамту (жыл, тоқсан, ай, байқау кезеңі); демографиялық немесе салалық қамту, қажет болған жағдайда;

есептеу әдіснамасы және пайдаланылатын ұлттық анықтамалық ақпарат (бұдан әрі – ҰАА) – қолданылатын әдістер, алгоритмдер, ҰАА, стандарттар және нормативтік құжаттар сипатталады;

дереккөздер мен жинау тәсілдері – көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде пайдаланылған статистикалық нысандарды, әкімшілік, баламалы деректерді, зерттеулерді немесе өзге де дереккөздерді, сондай-ақ деректерді қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде жинау тәсілдерін көрсету;

шектеулер және ықтимал қателіктер – деректердің нақтылығына, толықтығына және түсіндірілуіне әсер ететін факторлар туралы ақпарат (толық емес жауаптар, әдіснамадағы өзгерістер және байқау қателері);

деректерді жаңарту жиілігі – жариялау кезеңділігін дұрыс көрсету (жыл сайын, тоқсан сайын, ай сайын, апта сайын, күн сайын);

жауапты құрылымдық бөлімше – деректерді қалыптастыруды және сүйемелдеуді жүзеге асыратын бөлімше туралы ақпараттың болуы;

жариялау күні және деректер нұсқасы – шығарылған күнін, сондай-ақ деректер жиынтығының нұсқасын көрсету (жаңартулар немесе қайта қараулар болған жағдайда).

**4-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың өзара байланысы және салыстырмалылығы**

17. Ресми статистикалық ақпараттың өзара байланысы және салыстырмалылығын бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) деректердің ішкі өзара байланысын тексеру.

Бір деректер жиынтығы ішіндегі статистикалық көрсеткіштердің логикалық қайшылықсыздығы талданады. Өзара байланысты айнымалылардың сәйкестігі тексеріледі (мысалы, жеке мәндердің қосындысы қорытындыға сәйкес келуі тиіс, баланстық арақатынастардың сақталуы, сандық, құрылымдық, көлемдік көрсеткіштердің келісімділігі);

2) уақыт бойынша өзара байланыс (динамикалық) арасындағы тексеру.

Байқаудың тізбекті кезеңдері арасындағы ресми статистикалық ақпараттың өзара байланысы бағаланады. Көрсеткіштердің ауытқулары мен құрылымдық өзгерістері, уақыт қатарларындағы ықтимал үзілістердің себептері талданады (мысалы, әдіснама, жіктемелер, ҰАА немесе дереккөздердің өзгеруі). Қажет болған жағдайда динамиканың салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін ретроспективті қайта есептеу әдістері қолданылады;

3) деректер көздері арасындағы өзара байланысты талдау.

Статистикалық ақпаратты қалыптастыру кезінде алынған нәтижелер салыстырылады. Олардың өзара байланысы дәрежесі және тұжырымдамалар, анықтамалар мен жинау әдістерінің ұқсастығы бағаланады. Алшақтықтар анықталған жағдайда олардың себептері тіркеліп, түзету шаралары қабылданады;

4) әдіснамалық келісімділікті бағалау.

Ресми статистикалық ақпаратты түзуде қолданылатын әдіснаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігі дәрежесі туралы ақпарат ұсынылады. Ресми статистикалық ақпараттың басқа ресми көздерден немесе статистикалық салалардан алынған деректермен қаншалықты келісімді екендігі бағаланады. Ұғымдар, анықтамалар, статистикалық бірліктер, ҰАА, географиялық бөлініс, есепті кезеңдер және түзету әдістеріндегі айырмашылықтарды қоса алғанда салыстырылатын статистикалық материалдар мен өзге деректер арасындағы айырмашылықтар сипатталады;

5) уақыттық келісімділікті бағалау.

Әртүрлі кезеңділікпен түзілетін ресми статистикалық ақпараттың келісімділік дәрежесі талданады. Қысқа кезеңдердегі (ай, тоқсан) есептеулер жылдық нәтижелермен салыстырылады. Әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі көрсеткіштердің арасында келісімділік болмаған жағдайда алшақтықтардың себептері (мысалы, дереккөздердің, әдіснаманың, ҰАА немесе маусымдық түзетулердің өзгеруі) сипатталады;

6) ұлттық шоттармен келісімділігін бағалау.

Ресми статистикалық ақпараттың ұлттық шоттармен үйлесімділігі дәрежесі туралы ақпарат ұсынылады.

**5-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың өзектілігі**

18. Ресми статистикалық ақпараттың өзектілігін бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) пайдаланушыларды және олардың қажеттіліктерін анықтау.

Типтері (мемлекеттік билік органдары, халықаралық ұйымдар, зерттеу институттары, бизнес, БАҚ, қоғамдық қауымдастық және т.б.) бойынша жіктеуді қоса алғанда, ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылар туралы ақпарат ұсынылады. Статистикалық ақпараттың әртүрлі пайдаланушы топтарының қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетіндігі бағаланады. Пайдаланушылардың қанағаттандырылмаған немесе ішінара қанағаттандырылған қажеттіліктері, олардың пайда болу себептері (мысалы, қажетті көрсеткіштердің болмауы, аумақтық немесе уақыт бойынша нақтылаудың жеткіліксіздігі, форматтар немесе жариялау мерзімдерінің сәйкес еместігі) және оларды болашақта қанағаттандыру жоспарлары сипатталады;

2) пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін бағалау шаралары.

Сауалнамалар, консультациялар, фокус-топтар, онлайн кері байланыс және жолданымдарды талдауды қоса алғанда, ресми статистикалық ақпаратты

пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін анықтау бойынша іс-шараларды өткізу әдістері мен жиілігі сипатталады. Негізгі нәтижелер, анықталған мәселелер және статистикалық ақпараттың өзектілігі мен қолданылуын арттыруға арналған қабылданған шаралар тіркеледі.

**6-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың анықтығы**

19. Ресми статистикалық ақпараттың анықтығын бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) дереккөздердің сенімділігін бағалау.

Пайдаланылатын дереккөздерге (статистикалық байқаулар, әкімшілік деректер, тіркелімдер, іріктемелі зерттеулер) сенімділігі, бүтіндігі және репрезентативности тұрғысынан талдау жүргізіледі.

Дереккөздердің статистикалық әдіснаманың белгіленген талаптарына сәйкестігі, деректерді тіркеудің сенімділігі және бақылау рәсімдерін сақтау дәрежесі бағаланады.

Дереккөздердің көрсеткіштердің объективтілігі мен шынайылығын қамтамасыз ете отырып, модельделіп отырған саланың нақты сипаттарын қаншалықты көрсететіні анықталады;

2) сапаны бақылау жүйесін бағалау.

Анықтықты қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралар сипатталады – автоматтандырылған және сараптамалық тексерулер, бақылау қатынастары, деректерді валидациялау және верификациялау рәсімдері.

Қателерді бақылау үшін қолданылатын құралдар көрсетіледі, соның ішінде форматтық-логикалық бақылаулар және шектен тыс мәндерді анықтау немесе жою әдістері;

3) нәтижелердің тұрақтылығын бағалау.

Қайталама өлшемдер мен байқаулар кезінде деректердің тұрақтылығы анықталады.

Бастапқы және нақтыланған немесе қайта қаралған деректер арасындағы айырмашылықтар талданады.

Ескертпе: Қайталама байқаулар кезінде айырмашылықтар аз және уақыттағы нәтижелердің тұрақты болуы деректердің сенімділігі жоғары екендігін көрсетеді.

**7-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың толықтығы**

20. Ресми статистикалық ақпараттың толықтығын бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) деректердің статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкестігін тексеру.

Барлық көзделген көрсеткіштердің және деректер бөліністерінің болуын қоса алғанда, бекітілген статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты ұсынудың толықтығы бағаланады;

2) байқау объектілерін қамтуды талдау.

Статистикалық байқауға жататын барлық бірліктердің (кәсіпорындар, мекемелер, үй шаруашылықтары, жеке кәсіпкерлер және т.б.) жиынтыққа енгізілуі және деректерде көрсетілуі тексеріледі;

3) уақыттық қамтудың толықтығын талдау.

Ретроспективті және ағымдағы байқауларды қоса алғанда, барлық көзделген уақыт кезеңдері бойынша деректердің болуы тексеріледі. Қажет болған жағдайда кезеңдердің қалып кетуі себептері көрсетіледі;

4) аумақтық қамтудың толықтығын тексеру.

Статистикалық байқауда көзделген барлық әкімшілік-аумақтық бірліктер немесе өзге де кеңістіктік бөліністер бойынша деректердің болуы бағаланады;

5) метадеректердің толықтығын тексеру.

Әдіснамалық ақпараттың, көрсеткіштер сипаттамаларының, дереккөздердің, жинау және өңдеу рәсімдерінің болуы мен жеткіліктілігі талданады. Метадеректердің болмауы немесе үзінді түрде берілуі статистикалық ақпараттың толықтығы мен ашықтығын шектеу ретінде қарастырылады;

6) халықаралық ұйымдардың сұрауларымен салыстырғанда толық болуы.

Халықаралық ұйымдардың сұрауларымен салыстырғанда деректердің толық болуы туралы ақпарат ұсынылады.

**8-параграф. Ресми статистикалық ақпараттың уақытылылығы**

21. Ресми статистикалық ақпараттың уақытылылығын бағалау үшін мына іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) ресми статистикалық ақпараттың өндіріс циклін бағалау.

Жүргізілетін байқау мақсаттарына сәйкес келетін ресми статистикалық ақпараттың түсуі туралы ақпарат ұсынылады. Ресми статистикалық ақпаратты түзу және жариялау үшін қажетті уақыт және оны қысқарту үшін қабылданатын шаралар көрсетіледі;

2) ресми статистикалық ақпаратты таратудың дәлдігін бағалау.

Ресми статистикалық ақпаратты жариялаудың жоспарланған күндері мен нақты шығу күндері салыстырылады.

Кешігу, уақытынан бұрын жариялау немесе бекітілген графиктен ауытқу жағдайлары тіркеледі, сондай-ақ орташа уақыт кешігу көрсеткіштері (күні бойынша немесе белгіленген мерзімнің пайызы ретінде) есептеледі.

22. Әрбір сапа өлшемшарты бойынша осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген Сапаның стандартты индикаторларының тізбесі пайдаланылады.

Ресми статистикалық<br>ақпараттың сапасын бағалау<br>әдістемесіне 1-қосымша

"___" _________ 20__ г

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| Ресми статистикалық ақпараттың сапасы жөніндегі есептің атауы | Ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру кезеңділігі | Сапа жөніндегі есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімше | Ресми статистикалық ақпаратты ұсыну нысаны | Ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру дереккөздері | Сапа жөніндегі есепті қалыптастыру кезеңі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұсыну мерзімі | Ұсыну мерзімі | Ұсыну мерзімі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Мемлекеттік орган басшысының қолы

______________________________________________

Ресми статистикалық
ақпараттың сапасын бағалау
әдістемесіне 2-қосымша

## Ресми статистикалық ақпараттың Сапа бойынша есепті толтыру құрылымы

| Құрылымдық элемент | Есеп бөлімі | Тармақ коды | Бөлімдердің сипаттамасы | Түсініктеме |
|---|---|---|---|---|
| S.1 | Байланыс деректері | CONTACT | Ақпаратты немесе метадеректерді алу үшін жеке немесе заңды тұлғаның байланыс деректері | (осы тармаққа қатысты ақпарат оның тармақшаларында көрсетілген) |
| S.1.1 | Ұйым | CONTACT_ORGANI_SATION | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді ұсынуға және байланысқа жауапты тұлғалар жұмыс істейтін ұйымның атауы | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процеске және нәтижелерге жауапты ұйымның толық атауын көрсетіңіз. |
| S.1.2 | Құрылымдақ бөлімше | ORGANISATION_UNIT | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді ұсынуға, байланысқа жауапты тұлғалар жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің атауы | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процеске және нәтижелерге жауапты құрылымдық бөлімшенің толық атауын көрсетіңіз |
| | | | | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процестер мен оның нәтижелеріне жауапты адамның ( |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| S.1.3 | Байланысқа жауапты адамның аты | CONTACT_NAME | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді ұсынуға жауапты адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | адамдардың) тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсетіңіз. Егер есептің авторы процестер мен оның нәтижелеріне жауапты адамнан (адамдардан) өзгеше болса, Сапа бойынша есеп авторының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) қосымша көрсетіңіз. |
| S.1.4 | Байланысқа жауапты адамның функциялары | CONTACT_FUNCT | Байланысқа жауапты адамның (адамдарының) жауапкершілік саласы, мысалы, "әдіснаманы қалыптастыру", "деректерді басқару", "сапаны басқару", "деректерді өңдеу", "деректерді тарату" және т.б. | Байланысқа жауапты адам (адамдар) ретінде көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) лауазымын (лауазымдарын) және жауапкершілік саласын (салаларын) көрсетіңіз |
| S.1.5 | Байланысқа жауапты адамның пошта мекенжайы | CONTACT_MAIL | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді ұсынуға жауапты ұйымның пошталық мекенжайы | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процестер мен оның нәтижелеріне жауапты ұйымның пошталық мекенжайын көрсетіңіз |
| S.1.6 | Байланысқа жауапты адамның электрондық мекенжайы | CONTACT_EMAIL | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді ұсынуға жауапты адамның (адамдардың) электрондық пошта мекенжайы | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процестер мен оның нәтижелеріне жауапты адамның (адамдардың) электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз |
| S.1.7 | | CONTACT_PHONE | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын деректерді немесе метадеректерді | Сапа бойынша есептің мәні болып табылатын процестер мен оның нәтижелеріне |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Байланысқа жауапты адамның телефон нөмірі | | ұсынуға жауапты адамның (адамдардың) телефон нөмірі | жауапты адамның (адамдардың) телефон нөмірін көрсетіңіз |
| S.2 | Метадеректердің соңғы жаңартылған күні | META_UPDATE | Деректер базасына метадеректер элементі енгізілген немесе өзгертілген күн | (осы тармаққа қатысты ақпарат оның тармақшаларында көрсетілген) |
| S.2.1 | Жаңартылған метадеректерді соңғы растау | META_CERTIFIED | Енгізілген метадеректердің егер ақпарат өзгертілмеген болса да ағымдағы жағдайға сәйкестігіне статистика саласы әкімшілігінің соңғы растау күні | Бұл метадеректер файлының ағымдағы жағдайға сәйкес келетінін соңғы растау күнін көрсетіңіз. Мұндай растау метадеректер файлы өзгермесе де орындалатын болады |
| S.2.2 | Метадеректердің соңғы орналастырылуы | META_POSTED | Метадеректерді таратудың соңғы күні | Метадеректер жиынтығының соңғы тарату күнін көрсетіңіз |
| S.2.3 | Метадеректердің соңғы жаңартылған күні | META_LAST_UPDATE | Метадеректер мазмұнын соңғы жаңартудың күні | Метадеректердің кез-келгенінің (қолмен немесе метадеректер жүйесімен автоматты түрде) соңғы жаңартылған күнін көрсетіңіз |
| S.3 | Статистикалық ақпаратты ұсыну | STAT_PRES | Пайдаланушыларға кестелер, графиктер немесе карталар түрінде көрсетілуі мүмкін таратылатын деректердің сипаттамасы | (осы тармаққа қатысты ақпарат оның тармақшаларында көрсетілген) |
| S.3.1 | Деректерді сипаттау | DATA_DESCR | Таратылатын деректер мен көрсеткіштерге жататын деректер жиынтығының негізгі сипаттамалары | Деректер жиынтығының негізгі сипаттамасын, оны жеңіл түсінетіндей, негізгі таратылатын деректер мен көрсеткіштерге сілтемемен қысқаша сипаттаңыз.<br>S. 3.4 құрылымдық элементінде ауыспалылардың |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | т о л ы қ сипаттамасын ұсыныңыз |
| S.3.2 | ҰАА | CLASS_SYSTEM | Объектілерді жалпы сипаттамасы негізінде оларды топтарға жүйелеу немесе бөлу | Пайдаланылған барлық ҰАА элементтерін тізімдеңіз, сонымен қатар олардың электрондық нұсқаларына сілтемелерді көрсетіңіз. ҰАА элементтері халықаралық стандарттарға сәйкес келмеген жағдайда сәйкессіздіктің себебін түсіндіріңіз |
| S.3.3 | Секторлық қамту | COVERAGE_SECTOR | Р е с м и статистикалық деректермен қамтылатын негізгі экономикалық немесе өзге де секторлар | Құралатын деректер жиынтығымен қамтылған экономикалық немесе басқа салалар тізілімі және қолданылатын класс/топтардың параметрлерін ( м ы с а л ы , жұмысшылар саны) көрсетіңіз |
| S.3.4 | Статистикалық тұжырымдамалар мен анықтамалар | STAT_CONC_DEF | Статистикалық бақылаулардың статистикалық сипаттамалары, ауыспалылар | Жалпымемлекеттік статистикалық бақылау туралы жалпы мәліметтерді сипаттаңыз, соның ішінде:<br>- нысанның индексі мен атауы;<br>-бақылау түрі ( таңдамалы, жаппай, құрама);<br>-респонденттердің ауқымы және олардың қамтылуы (%);<br>-б а с т а п қ ы статистикалық деректерді жинау қай ЭҚТЖ бойынша жүргізілді;<br>-статистикалық нысанды тапсыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | мерзімі және есепті кезең;<br>- деректерді жинау құралдары;<br>- статистикалық нысанды соңғы қайта қарау;<br>Жалпымемлекеттік статистикалық байқау нысанын жүктеуге арналған сілтемені көрсетіңіз |
| S.3.5 | Статистикалық обьект | STAT_UNIT | Ақпарат жиналатын және оның негізінде статистикалық ақпарат қалыптастырылатын объектілер | Бастапқы статистикалық деректер жиналатын базалық объектілердің тізбесін көрсетіңіз, мысалы кәсіпорын, мемлекеттік мекемелер, үй шаруашылығы, дара кәсіпкерлер, тұрғын үй объектісі, жеке тұлға және т.б. |
| S.3.6 | Бас жиынтық | STAT_POP | Зерттеудің бас жиынтығын қалыптастыру | Бас жиынтықты қалыптастыру дереккөзін және қосу немесе шығару өлшемшарттарын көрсетіңіз. |
| S.3.7 | Аумақтық қамту | REF_AREA | Өлшенетін статистикалық құбылыс жататын ел немесе географиялық аймақ | Өңірлік қамтуды ( өңірлік бөліністі) көрсетіңіз |
| S.3.8 | Қамту уақыты | COVERAGE_TIME | Деректер қолда болған уақыт ұзақтығы | Деректер жиынтығымен қамтылатын уақыт кезеңдерін сипаттаңыз (яғни, деректер таратылатын уақыт ұзақтығы, мысалы, 1985-2006 жылдар бойы немесе белгілі бір жылдық деректерге 2000-...) |
| | | | Көрсеткіштер қатары үшін база | Көрсеткіштер қатары үшін база ретінде пайдаланылатын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| S.3.9 | Базалық кезең | BASE_PER | ретінде пайдаланылатын немесе кейбір константалар қатары жататын уақыт кезеңі | немесе кейбір уақыт қатары жататын уақыт кезеңін сипаттаңыз ( мысалы, белгілі бір жылдық деректер үшін 2000 базалық жыл) |
| S.4 | Өлшем бірлігі | UNIT_MEASURE | Деректер мәндері өлшенетін бірлік | Ресми статистикалық ақпаратты тарату үшін пайдаланылатын өлшем бірліктерін атап өтіңіз (мысалы, %, тұлға, саны). Сонымен қоса, өлшемнің нақты анықтамасын қосу керек (мысалы, мың , миллион) |
| S.5 | Есепті кезең | REF_PERIOD | Өлшенетін байқау жатуы тиіс кезең немесе уақыт сәті | Ауыспалылар мәні белгілі бір уақыт кезеңіне (мысалы, айдың соңғы аптасы , ай, қаржылық жыл, күнтізбелік жыл немесе бірнеше күнтізбелік жыл) немесе нақты бір уақыт сәтіне ( мысалы, нақты бір күн немесе айдың соңғы күні) қатысты болады. Деректер жиынтығындағы ауыспалылар, бірнеше есепті кезеңге қатысты болуы мүмкін. Барлық есепті кезеңдер көрсетілуі тиіс. |
| S.6 | Құқықтық негіз | INST_MANDATE | Ұйымға жауапкершілікті жүктейтін және оған бастапқы және әкімшілік деректерді жинау, өңдеу және ресми статистикалық ақпаратты таратуға | (осы тармаққа қатысты ақпарат оның |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
